

Методология исследования. Теоретической и методологической основой исследования являются научные труды отечественных и зарубежных ученых и статистические отчеты глобального исламского финансового отчета (Global Islamic Finance Report). В статье использованы методы анализа, индукции и дедукции, сравнительного анализа.

Научная ценность данного исследования заключается в его всестороннем анализе содержания Исламского финтех, его роли в банковском и финансовом секторах, связанном с современными технологическими тенденциями. В статье научно обоснованы возможности осуществления цифровой трансформации исламской финансовой индустрии с соблюдением требований шариата, систематически оценивалась динамика развития исламского финтеха на основе глобальных статистических данных. Исследование выявило преимущества и ограничения Исламского финтеха путем сравнительного анализа и уточнило основные направления финансовых инноваций, которые влияют на исламские финансовые институты.

Результаты исследования. В этом исследовании были рассмотрены основные особенности Исламского финтех-рынка. Были сделаны оценки развития и текущего состояния Исламского финтех-рынка в мире. Также обсуждались преимущества Исламского финтех-сектора и проблемы, которые необходимо преодолеть.

Ключевые слова: финтех, исламский финтех, инновация, исламские финансы

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Абубакирова А. - Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры, Түркістан, Қазақстан. Email: aktolkin.abubakirova@ayu.edu.kz*

Қудабаева Л. - М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, Тараз, Қазақстан. Email: lazzat32@mail.ru

Омарова А. - Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау, Қазақстан. Email: aizhanomarova@yu.edu.kz

МРНТИ: 06.35.31

JEL Classification: D21; L29; M41

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2026-2-161-175>

КРИПТОАКТИВТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ АШЫП КӨРСЕТУДІҢ КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫНА ӘСЕРІ

Қ. Е. Қуандықова^{1*}, Л. П. Молдашбаева¹, М. К. Успамбаева²

¹Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

²ESIL UNIVERSITY Астана, Қазақстан

АҢДАТПА

Зерттеу мақсаты – компанияның нарықтық құнын қалыптастырудың криптовалюталық активтерді есепке алу және ақпаратты бухгалтерлік есепте ашып көрсету тәжірибесінің олардың қаржылық нәтижелеріне, акция кірісіне және міндеттемелеріне әсерін бағалау.

Әдіснамасы – Қазақстан Республикасының криптовалюталық активтерді есепке алу бойынша компаниялардың қаржылық есептерін талдау, қаржылық көрсеткішті салыстыру, регрессиялық және корреляциялық анализ жүргізіп гипотезаны тексеру.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – криптовалютаны бухгалтерлік есп тұрғысынан баяу жүзеге асырылатын үдеріс. Оны халықаралық стандарттар тұрғысында криптовалютаны есепке алу мен

есептілікте ашып көрсету және талдау алғашқылардың бірі болып жүйелі түрде жүзеге асты. Компаниялар үшін басқарушылық шешім қабылдауда пайдалы мәліметтер ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері – зерттелген эмпирикалық анализ нәтижесі компанияның криптовалюталық активтерді иеленуі, оның қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпалы болмауын көрсетті. Атап айтқанда, криптовалюталық позициялар компанияның пайдасына және акция кірісіне әсер етпейтінін көрсетті. Компаниядағы криптовалютананы иеленген және иеленбеген инвесторларға қатысты бейтарап ұстанымда екенін меңзеуі мүмкін. Сонымен бірге, компанияның криптовалюталық активтер міндеттемелеріне елеулі әсер ететіні анықталды. Осы себепті криптавалютаны қолданыста яғни есепте ақшаның баламасы ретінде қарастыруға болмайды, себебі оның құбылмалылығы мен бағалау қиындығы қаржылық есептіліктің сенімділігін төмендетуі мүмкін немесе ықтимал.

Қорытындыласак, компанияда криптовалютананы бухгалтерлік есеп тұрғысынан қарастырудың көкейестілігі айқындалып, ХҚЕС шеңберінде қосымша ашып көрсету қажеттілігі дәлелденді. Алдағы зерттеулерде ұзақ мерзімді мәліметтерді қамтып, есеп саясатының таңдауына, криптовалютаға қатысты ашып көрсету, дамуда ілгерілеу және оның компания құндылығына ықпалын тереңірек талдауға бағытталып назар аударуы тиіс.

Түйін сөздер: цифрлық активтер, криптовалюта есебі, қаржылық есептілік, ашып көрсету талаптары, компания құндылығы, қаржылық нәтиже, міндеттемелерге әсері, ХҚЕС және ASU стандарттары,

Алғыс. Авторлар зерттеудің жүзеге асуына үлес қосқан барлық ұйымдар мен тұлғаларға, оның ішінде Зоя Нұртлеуқызы Ажибаева - Аудитор, Нуркашева Нурсулу Султанияровна – кәсіпкер. «K&C Аудит Консалтинг» ЖШС, «Нуркашева» ЖК шынайы алғыс білдіреді. Авторлар осы мақалаға қатысты ешқандай қаржылық немесе жеке мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

КІРІСПЕ

Өтпелі (транзиттік) экономика жағдайында Қазақстан терең цифрлық жаңғыруды бастан кешіруде, мұнда криптовалюталық активтер мен цифрлық технологиялар қаржылық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналууда. Инвестициялық және операциялық қызметінде криптовалюталарды белсенді пайдаланатын компаниялар оларды дұрыс есепке алу және қаржылық есептілікте ашық түрде жариялау қажеттілігімен бетпе-бет келуде. Қазақстан Ұлттық Банкі криптовалютананы қамтамасыз етілмеген цифрлық актив ретінде анықтайды, ол бөлек реттеуді қажет етеді және заңды төлем құралы ретінде пайдаланылмайды. Компанияда криптовалюталық активтер (цифрлық активтер) туралы ашып көрсеткенде нарықтық құндылығын қалыптастыруда маңызды ролі бар. Сол кезде инвесторлардың сенімін арттырады, корпоративтік ашықтық, есептің тазалық деңгейін көрсетеді және қаржылық есептілікті объективті талдау, бағалауға мүмкіндік береді. Криптовалютаның бағасы қатты өзеріп тұратындықтан және оның заңдық мәртебесі нақты анықталмағандықтан, дұрыс бухгалтерлік есеп жүргізу мен ашық есептілік компанияның тәуекелін азайтып, беделін сақтаудың басты жолына айналады [1].

Сандық технологияның қарқынды дамуы және сандық активтердің пайда болуы компания алдында жаңа қаржылық реттеу мен бухгалтерлік есеп міндеттерін алға қойды. Қазақстан өзінің цифрлық активтерін «Цифрлық активтер туралы» заңымен реттейді, 1-суретте көрсетілген.



1-сурет ҚР криптовалюталық активтер реттелуі

1-суретте заң екі санатқа бөлінуі және криптовалюталардың айналымы тек «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында лицензияланған биржалар арқылы жасайды. Майнингтен және активтерді

сатудан түскен кірістерді салық салынады және 2025 жылдан бастап цифрлық активтердің құнын бағалаудың жаңа ережелері еңгілізген. Сол себепті копоративтік есептілікке енгізуде белсенді қадамдар жасауда және есеп объектісі ретінде маңызы артып келеді [2].

Қазіргі цифрландыру жағдайында криптовалюталарды жіктеу, талдау, бағалау және ақпаратты ашуп көрсетуде бухгалтерлер, аудиторлар және қаржылық сарапшыларға өзекті мәселеге айналды [3]. Көптеген компаниялар криптовалютаны қаржы-экономикалық басқару жүйесіне еңгізіп, оны қаржылық есептілікте көрсету қажеттілігіне тап болуда [4], яғни криптоактивтердің әділ құнын анықтауда ХҚЕС 13 «Әділ құн бойынша бағалау» стандартын қолдану, онда қолдану аясы өлшеу мен ақпарат ашудың әдістемесін белгілейді [5]. Соған байланысты, компанияның криптоактивтердің бухгалтерлік есебіне арналған ХҚЕС 13 «Әділ құн бойынша бағалау» стандартына сәйкес криптовалюталардың ерекшеліктеріне бейімдеу мүмкіндіктерін талдағанда инвесторлардың криптовалюталық активтер туралы ашық әрі түсінікті есептілік жариялайтын компания акцияларына жоғары реакция білдіретінін көрсетеді. Криптовалюталық активтерді есепке алу және ақпаратты ашу компанияның нарықтық құндылығын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Олар инвесторлардың сенімін қамтамасыз етеді, корпоративтік беделді нығайтады және ұлттық тәжірибені халыаралық қаржылық кеңістікке интеграциялауға көмегі мол. Сандық активтер туралы ақпаратты ашу компанияның нарықтық құндылығын қалыптастыруда маңызды рол атқарады. Сол кезде, инвесторлардың сенімін арттырады, корпоративтік ашықтық деңгейін көтереді және қаржылық есептілікті объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бағасы тұрақсыз әрі заңдық мәртібесі анық емес кезде, есеп жүргізу мен есеп беру компанияға тәуекелді азайтып, беделін нығайтуға көмектеседі.

Компанияның нарықтық құнын қалыптастырудың криптавалюталық активтерді есепке алу және ақпаратты ашудың рөлін зерттеудегі негізгі мақсаты криптоактивтерді қаржылық есептілікте бастапқы танудан кейінгі бағалау және ақпаратты ашу тәсілдерін талдау. Соған сәйкес міндеттері:

1. Криптоактивтерді бастапқы танудан кейін бағалау әдістерін анықтау.
2. Халықаралық стандарттарда криптоактивтер туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды талдау.

Әдебиетке шолу

Соңғы жылдардағы зерттеулер есеп жүргізу тәжірибелерінің үйлесімсіздігі мәселесін айқын көрсетуде. Академик Ураз Баймуратов криптовалюталық активтерді экономиканың және құқықтың жаһандық трансформациясының элементі ретінде қарастырып, олардың реттеу жүйесіне институционалдық интеграциясына назар аударады. Ол цифрлық активтерді ашық есепке алу және ақпаратты жариялау әлеуметтік-экономикалық тәуекелдерді төмендетудің әрі нарық қатысушыларының сенімін қамтамасыз етудің қажетті шарты екенін атап көрсетеді. Құқық пен экономиканы үйлестіруге негізделген У. Баймуратовтың көзқарасы Қазақстан тәжірибесімен дәлелденеді [6]. Мұнда цифрлық активтердің мемлекеттік қоры құрылып, институционалдық мойындаудың және ақпараттық ашықтықтың компаниялардың нарықтық құндылығын қалыптастырудағы маңызы айқын көрініс табууда, 1 кестеде қарастырылған.

1 кесте – Қазақстандық тәжірибе мен У.Баймуратов пікірі

Атрибут	У.Баймуратов түсінігі	Қазақстандық тәжірибе Ұлттық банк және АХҚО	Авторлар пікірі
Реттеу философиясы	«Ақылды реттеу»: инновацияны қолдау + қатаң бақылау	Құқықтық базаны құру, цифрлық теңге, стейблкоиндарды реттеу	Экономистер бұл тәсіл тәуекелді азайтып, сенімділікті арттырады деп санайды
Инфрақұрылымы	АХҚО – криптобиржалар мен брокерлерге арналған алаң	Ұлттық цифрлық қаржылық инфрақұрылымы Web3 өнімдеріне арналған «песочница»	Заңгерлер NFT мен utility – токендердің мәртібесі әлі анықталмағанын атап өтеді
Банктермен интеграциясы	Криптобиржаларды банктік арналарға тікелей қосу	Банкаралық төлем жүйелері, стейблкоин резервтерін бақылау	Сарапшылар резервтердің ашықтығы аса маңызды екенін айтады

Атрибут	У.Баймуратов түсінігі	Қазақстандық тәжірибе Ұлттық банк және АХҚО	Авторлар пікірі
Экономикалық ықпалы	Салық түсімдерінің өсуі	Ақша несие саясатын күшейту, цифрлық активтерді бақылау	Кейбір сарапшылар бақылау әлсіз болса, капиталдың сыртқа кету қаупін көреді
Шектеулері	АХҚО мен шектеулер	Ел көлемінде орталықтандырылған ретету	Жаңа актив түрлерінің құқықтық нормативтік реттелуі жеткіліксіз
Ескерту авторлармен жинақталған түсінік			

Кестедегі мәліметке сүйенсек, Ураз Баймуратовтың идеясы сандық активтерді институционализациялау мен ашық есептіліктің маңызын атап көрсетеді. Қазақстан осы бағытты цифрлық активтердің мемлекеттік қоры арқылы іске асыруда. Халықаралық тәжірибе дәл есеп пен деректердің ашықтығы инвестор сенімін күшейтіп, ұйымдардың нарықтық құнын арттыратынын дәлелдейді [6].

Бүгінгі зерттеулер криптовалюталық активтерді бухгалтерлік есепке алуда бірыңғай стандарттардың жоқтығын атап көрсетеді, ол ұйымдардың қаржылық есептілігінде айтарлықтай айырмашылықтар туғызады. Андерсон және өзгелер (2022) есеп жүргізу тәжірибелерінің үйлесімсіздігі инвесторларға цифрлық активтерді иеленумен байланысты нақты құнды және тәуекелділік бағалауды қиындататынын көрсетеді [7]. Луо және Иу (2022) криптоактивтерді классификациялау және өлшеу үлгілерінің әртүрлілігі капитал мен өтімділік көрсеткіштерін бұрмалап, қаржы-экономикалық анализді күрделендіретінін атап өтті [4]. Ферейро және басқалар (2025) мұндай олқылық бұрмалаулар ұйымның нарықтық бағасын теріс әсер етуі мүмкін екенін зерттеді [8].

Мерсик және авторлар (2024) криптоактивтерде есептіліктің ашықтық деңгейі инвесторлармен қабылдауына және акция құнының динамикасына тікелей ықпалын дәлелдейді [9]. Чанг және өзгелер (2024) сандық активтерді әділ құн бойынша бағалауға қатысты қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес соңғы нұсқауларын есеп жүргізу тәжірибесін унификациялауға бағытталған қадам ретінде қарастырады, ол активтердің нарықтық құнын өлшеудің дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді [10].

Қазақстан Ұлттық Банкі криптовалютаны қамтамасыз етілмеген цифрлық актив ретінде анықтайды, ол бөлек реттеуді қажет етеді және заңды төлем құралы ретінде пайдаланылмайды [11]. Өкінішке орай, бухгалтерлер үшін Биткойнге арналған есептілік талаптарына арналған ресми нұсқаулық, норматив әзірленбеген. Криптоактивтер – қайталанудан және көшірмеден қорғалған, берілетін сандық бейнелер, оны блокчейн немесе таратылған реестр яғни блокчейн транзакцияларды тіркеп, оларды қорғау үшін шифрлайтын, орталықсыздандырылған тең деңгейлі желі (peer-to-peer) жүйесі [12]. ХҚЕС жөніндегі Кеңестің шешімі негізінде даулы мотивті мәселелерді қамтиды [13].

Кеңірек зерттеуінде Груйич және Войинович (2024) блокчейн технологиясының қаржылық есептілікке, аудитке және салық салуға әсерін талдап онда операциялардың ашықтығы мен қадағалануын қамтамасыз етудегі әлеуетін көрсетті [14]. Мунтяну және авторлар (2023) криптовалюталық активтерді тұрақты есептілікке интеграциялау қажеттілігіне назар аударып, ESG саласында жаңа зерттеу бағыттарын ашады [15].

Филд және Инджи (2023) токендерді иеленудің компанияның тәуекел профиліне, «β» коэффициентіне және кірістілігі қарастырылады. Авторлар криптоактивтерді портфельге қосу ұйымның тәуекелін арттыруы мүмкін екенін бірақ кейде кірістілікті өсіретінін көрсетеді [16]. Чэн (2023) зерттеуінде криптовалюталардың есебі және қаржылық есептілікте көрсету ұйым құнына қалай әсер етуін талдайды, бағалайды [17].

Ян және Ван (2021) еңбегі сандық активтердің бағасын анықтау және олардың компания құнына ықпалын зерттеуге арналған. Онда дәстүрлі қаржы теориясындағы факторлық модельдерді (айталық, Фама-Фрэнч үш факторлы моделі) токендерге бейімдеп, ұйымның сипаттамасы мен нарықтық көрсеткіштерді талдайды [19].

Әдебиеттік шолу көрсеткендей, негізгі мәселелер ретінде криптоактивтердің есебі бірыңғай стандарттарының болмауы, есептіліктің әркелкілігі және реттеушілер арасындағы үйлестіру қажеттілігі негізгі мәселе болып отыр. Ал ХҚЕС Кеңесі бастамалары мен блокчейннің дамуы қаржылық ақпараттың ашықтығын және сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді [20].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Зерттеудің негізгі бөлігін талдау үшін 2020-2025 жылдар аралығының кезеңде компанияның нарықтық құнын қалыптастырудың криптовалюталық активтерді есепке алу және ақпаратты ашудың ролінде компаниялардың тоқсандық мәліметтері жинақталды. Іріктемеге сәйкес, қаржылық есептілік сандық активтерді ресми түрде көрсететін фирмалар еңгізілді. Талдауға ресми түрде жарияланған криптовалюталық активтері бар компаниялар қарастырылады. Негізгі ақпарат көзі ретінде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) ұсынған компаниялардың қаржылық есептері пайдаланылды. Қазақстанда криптовалюталық активтердің есебі және олармен жұмыс жасау ресми түрде тек «Астана» АХҚО юрисдикциясында рұқсат етілген [21]. Мұнда Card сияқты лицензияланған криптобиржалар мен финтех компаниялар, сондай-ақ цифрлық активтерді қаржы жүйесіне интеграциялайтын стартаптар қызмет атқарады.

Ресми жарияланымдарға сүйенген деректер сенімділік пен салыстырмалылықты қамтамасыз етеді. Талдау үшін таңдалған компаниялар және зерттеуде қолданылатын шартты белгілер 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте - Қазақстандағы криптовалюталық активтерді есепке алу бойынша компаниялардың салыстыр-малы шолуы

Компания	Негізгі қызметі	Реттелуі	Ерекшелігі
CardB	Карталар үшін криптовалюталарды фиатқа конвертациялау	АХҚО, Астана ҚҚРО	15 млн АҚШ доллар көлемінде инвестиция тартты, бағалау құны 50 млн АҚШ долларын құрады
АХҚО-ның лицензияланған криптобиржалары	Криптовалюталармен сауда жүргізу және оларды айырбастау операциялары	Астана ҚҚРО	Тек АХҚО юрисдикциясында ғана жұмыс істейді
Финтех стартаптар	Цифрлық теңге және криптовалюталық сервистер	АХҚО	Мемлекет қолдауы, халықаралық инвестициялар
Ескерту авторлармен зерттеу			

АХҚО лицензияланған криптобиржалар Астана қаржылық қызметтерін реттеу органы (Астана ҚҚРО) тарапынан реттеледі, ал CardB (жеке қаржылық қызметтер компаниясы, Астана қаласында тіркелген) және басқа финтех-стартаптар АХҚО экожүйесінде жұмыс істейді.

Криптовалюталық активтердің есебі мен оның қаржылық есептілікте есептің ашылуын зерттеу үшін кешенді әдістер қолданылады:

Контенттік талдау – қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу тәжірибесін жүйелі түрде зерттеп, ашықтық деңгейін өлшеу;

Салыстырмалы талдау – ұлттық және халықаралық стандарттар арасындағы айырмашылықтарды айқындау;

Эконометриялық модельдеу – ақпарат ашықтығын нарықтық капитализацияға ықпалын эмпирикалық тұрғыда тексеру;

Реттеушілік талдау – әділ құнды бағалау жөніндегі ХҚЕС кеңестің жаңа нұсқауларының әсерін талдау.

Әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеуде тұтастықты қамтамасыздандырады, эмпирикалық, салыстырмалы, эконометрикалық және нормативтік деңгейлерді біріктіреді.

Эйшен, Сю және Чу (2023) еңбектеріне сүйене отырып, компания құнының прокси айнымалыларын қаржылық есептілік көрсеткіштерімен (тәуелді айнымалылар ретінде) қарастыру ұсынылады. Оларға: акцияға шаққандағы пайда, акцияның кірістілігі және операциялық тиімділік жатады [22,23].

Одан әрі қаржылық есептілік негізгі бақылаушы айнымалылардың функциясы ретінде қарастырылады. Оларға криптовалюталардың кірістілігі, компания көлемі жиынтық активтер, сондай-ақ активтердің рентабельділігі мен «баға, пайда» коэффициенті енеді. Осылайша, зерттеуде жалпы функционалдық тәуекелділік талқыланады, ол мына түрде ұсынылуы мүмкін:

$$\gamma = f(X_1, X_2, X_3, \dots, X_n).$$

Мұнда функционалдық тәуекелділік қаржылық есептілік пен негізгі бақылаушы айнымалылар арасындағы өзара байланысты білдіреді. Қаржылық есептілік арқылы негізгі бақылаушы айнымалылардың функциясы ретінде ұсынылуы мүмкін.

$$\text{Financial Performance} = f(\text{CR, SIZE, TA, ROA, PE}) \quad (1)$$

Мұндағы, CR – сандық активтердің кірістілігі, SIZE – компанияның көлемі, TA – жалпы активтер, ROA – активтердің рентабельділігі, PE – бағасы, табысы коэффициенті. Осылайша модель қаржылық есептілік көрсеткіштерінің криптовалюталық нарық динамикасына және компанияның өз сипаттамаларына байланысты сыртқы және ішкі факторлармен өзара байланысын бейнелейді.

Қаржылық есептілік (АШП_{i,t}) негізгі бақылаушы айнымалылардың функциясы ретінде қарастырылады. Талдау шеңберінде модельді көптік сызықтық регрессия түрінде ұсынуға болады:

$$\text{АШП}_{i,t} = \alpha + \beta_1 \text{CR}_i + \beta_2 \text{FS}_i + \beta_3 \text{TA}_i + \beta_4 \text{ROA}_i + \beta_5 \text{PE}_i + \varepsilon_i$$

Мұндағы, айнымалылар құрылымы, 3 кестеде көрсетілген.

3 кесте – Айнымалылар спецификациясы

Айнымалы түрлері	Көрсеткіші	Сипаты
Тәуелді айнымалылар	АШП	АШП, акция табыстылығы, операциялық тиімділік
Тәуелсіз айнымалылар	CR_i	Криптовалюта кірістілігі
	FS_i	Компания көлемі
	TA_i	Жиынтық активтер
	ROA_i	Активтердің рентабельділігі
	PE_i	«Баға/пайда» коэффициенті
	α	Турақты шама
	$\beta_1, \beta_2, \beta_3, \beta_4, \beta_5$	Регрессия коэффициенттері, әр фактордың әсер ету күшін және бағытын көрсетеді;
	ε_i	Кездейсоқ қателік
Ескерту авторлармен жасакталды [22]		

Қаржылық нәтижелер криптовалютаның кірістілігі, фирма көлемі, жалпы активтер және активтердің рентабельділігі/«баға–пайда» коэффициенті сияқты төрт бақылаушы айнымалыға қатысты регрессияланады. Модель келес түрде ұсынылады:

$$\text{АШП}_{i,t} = \alpha_0 + \alpha_1 \cdot \text{Криптовалюта кірістілігі } r_{i,t} + \alpha_2 \cdot \text{активтер}_{i,t} + \alpha_3 \cdot \text{көлемі}_{i,t} + \alpha_4 \cdot \text{ROA}_{i,t} + \varepsilon_{i,t} \quad (2)$$

$$K_{i,t} = \alpha_0 + \alpha_1 \cdot \text{Криптовалюта кірістілігі } r_{i,t} + \alpha_2 \cdot \text{активтер}_{i,t} + \alpha_3 \cdot \text{көлемі}_{i,t} + \alpha_4 \cdot \frac{P}{E_{i,t}} + \varepsilon_{i,t} \quad (3)$$

$$KQ_{i,t} = \alpha_0 + \alpha_1 \cdot \text{Криптовалюта кірістілігі } r_{i,t} + \alpha_2 \cdot \text{активтер}_{i,t} + \alpha_3 \cdot \text{көлемі}_{i,t} + \alpha_4 \cdot \frac{P}{E_{i,t}} + \varepsilon_{i,t} \quad (4)$$

Мұндағы, $\alpha_0, \alpha_1, \dots, \alpha_4$ — бағаланған параметрлер, яғни регрессиялық коэффициенттер. Төменгі индекс t жылды білдіреді, ал i компанияны көрсетеді. $\varepsilon_{i,t}$ — кездейсоқ бұзылыс (қателік) мүшесі. Мұндай анықтама регрессиялық құрылымды нақтылап, айнымалалардың уақыттық (t) және фирмалық (i) өлшемдерін бөліп көрсетеді. Тәуелді айнымалылар:

1. АШП_{i,t} (акцияға шаққандағы пайда): салықтан кейінгі таза пайда ÷ айналымдағы акциялар саны.

2. $K_{i,t}$ (табыстылығы): i-ші акцияның кірістілігін білдіреді.

3. $КК_{i,t}$ (қарыз коэффициенті): қарыз коэффициенті компанияның операциялық нәтижелілігінің прокси-айнымалысы ретінде пайдаланылады және жалпы міндеттемелердің жиынтық активтерге қатынасы арқылы өлшенеді [23].

Тәуелсіз айнымалылар:

1. Криптовалюта кірістілігі $r_{i,t}$ — i -ші компания иелік ететін криптоактивтердің табыстылығын білдіреді.

2. көлемі i,t — i -ші компанияның акция құнының ауқымын (нарықтық құнын) көрсетеді; бұл көрсеткіш компанияның нарықтық капитализациясының натуралды логарифмі арқылы өлшенеді.

3. активтер i,t — i -ші компанияның жиынтық активтерін білдіреді және уақыт t -тегі жиынтық активтердің (миллион АҚШ долларымен) натуралды логарифмі арқылы өлшенеді.

4. $ROA_{i,t}$ (Активтердің рентабельділігі) - салықтан кейінгі қайталанатын таза пайда, пайыздар мен амортизацияға дейін ÷ активтердің орташа баланстық құны.

5. $\frac{P}{E}_{i,t}$ (Баға/пайда коэффициенті) - акция бағасының акцияға шаққандағы пайдаға (АШП) қатынасы.

Осы айнымалылар ұйымның қаржылық есептілігіне ықпалы негізгі бақылау факторлары ретінде модельге енгізіледі.

Жалпы алғанда, ұйым құнына криптоактивтерді иеленудің әсерін зерттеу үшін Иен және Уанг (2021) еңбегінен бөлек, Филд және Инси (2023), Чен және Ли Эн (2023) зерттеулері токендерді иеленудің компания құнына және операциялық нәтижелілігіне ықпалын қарастырған сандық зерттеу әдісіне сүйенеміз және келесі модельді қолданамыз [19, 24, 25].

Ұйымның операциялық нәтижелігіне криптоактивтердің ықпалын талдау мақсатында теңдеуде көрсеткендей кеңнен пайдаланылатын регрессиялық бағалау әдісін жүзеге асырылады.

1 Үлгі. Криптоактивтерді мойындағаннан кейін оларды бағалау тәсілін анықтау үшін алдыңғы модельдер (теңдеу 2-4) қолданылады. Зерттеу криптоактивтерді иелену мен корпоративтік нәтижелілік, акция бағасы және тәуекелдер арасындағы байланыстарды регрессиялық бағалау арқылы тексереді. Сонымен қатар, сандық активтерге қатысты мәліметті ашып көрсету талаптары ХЖЕС салыстырып, олардың токендердің табиғаты мен ерекшеліктеріне сәкестігі талданады. Тоқсандық пайданы дәстүрлі түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$R_t = Ln \left(\frac{P_t}{P_{t-1}} \right)$$

Мұндағығы, R_t — t уақыттағы логарифмдік кірістілік; P_t — t тоқсанның жабылуы бойынша базалық баға; P_{t-1} — t тоқсаннан бір тоқсан бұрынғы базалық баға. Егер ұйым Биткоин инвестициясын сауда немесе алыпсатарлық мақсатта ұстаса, онда әділ құн барлық бағаға ауытқуы таза пайдаға (пайда мен залал туралы есептілік) енгізілуі тиіс.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР

Компанияның нарықтық құнын қалыптастырудың криптовалюталық активтерді есепке алу және ақпаратты ашудың ролін, зерттелген айнымалылардың орташа мәнін, стандартты ауытқуын, минимумын және максимумын 4 кестеде көрсетілген.

4 кесте - Үлгілік компаниялардың зерттелген айнымалылары бойынша сипаттамалық статистикасы

Айнымалының иерархиясы	АШП	Криптовалюта	Акцияның нарықтық құны	Актив (млн)	Көлемі	$\frac{P}{E}$	ROA	ҚК
Орташа мәні	-1,6	19749,8	88,2	10321,7	21,08	-35,5	-0,04	0,52
Стандартты ауытқуы	9,4	16754,2	138,5	18647,2	2,5	904,9	0,14	0,31
Ассиметрия коэффициенті	-8,6	0,99	2,4	2,2	-0,6	-3,40	-2,7	2,05
Куртозис (экссесс коэффициенті)	81,5	-0,38	6,2	3,8	-0,008	21,6	13,3	12,2

Мах мәні (100%)	4,8	58926,6	678,9	82338	25	2522,8	0,36	1,159
95%	1,8	52619,6	373,9	56490	25	872,5	0,08	0,911
90%	1,08	45932,95	237,6	35779,6	24	436,4	0,05	0,793
75% Q3	0,28	32015,00	138,2	7963,3	23	67,3	0,007	0,700
50% медиана	0,07	10796,09	20,8	1169,91	21	-1,8	- 0,009	0,5
25% Q1	-0,4	6811,5	1,2	541,8	20	-28,4	-0,05	0,4
10%	-2,4	5258,6	0,5	48,8	18	-201,2	-0,2	0,2
5%	-5,97	3926,5	0,4	8,3	16	- 3626,5	-0,3	0,04
0% Min	-94,01	3746,8	0,3	4,2	15	- 6164,0	-0,9	0,004

Ескерту: таза сатылымдар: миллион, яғни таза сатылымдардың (нетто-сатылымдар) миллиондық көрсеткіштерінің логарифмі арқылы есептеледі.

4 кестедегі мәліметке сәйкес, акциялардың сипаттамалық статистикасына сәйкес, қарастырылған ұйымдардың бір акцияға шаққандағы кірісі (АШП) ең төменгі мәні – 94,01-ден жоғары мәні 4,8-ге дейінгі аралықта өзгеріп, орташа шамасы шамамен – 1,6 болды. Акция бағасының пайда қатынасы (P/E) – 6164,0 ең төменгі мәннен 2522,8 ең жоғарғы мәнге дейінгі аралықта, орташа шамасы – 35,5 болып есептелді. Активтердің кірісі (ROA) – 0,9 ең төменгі мәннен 0,36 ең жоғары мән аралығында, орташа шамасы – 0,04 болды. Жалпы активтері 4,2 млн АҚШ долларынан бастап 82338 млн долларға дейінгі аралықта өзгеріп, орташа мәні 10321,7 млн долларды құрады. Осы мәліметтерге сүйенсек, криптоактивтерді иеленетін үлгілі компаниялардың көрсеткіші: бір акцияға шаққандағы пайда – 0,28 доллар, акция бағасы – 138,2 доллар, жалпы активтер – 7963,3 млн доллар, компания көлемі – 23, P/E коэффициенті – 67,3, активтердің кірістілігі (ROA) – 0,007.

Сонда статистикаға сәйкес, криптовалюта иеленетін алдыңғы қатардағы компаниялар (Card B, АХҚО лицензияланған криптобиржаларды және финтех стартаптар) корпоративтік пайда тұрғысынан әлсіз нәтиже көрсетіп отыр. Мұндай қорытынды криптовалюта иелену немесе иеленбеу компанияның табыстылығына және іскерлік нәтижелеріне ықпал ететін маңызды фактор екенін дәлелдейді. Сондықтан бұл бағытты әрі қарай терең зерттеу қажет екені анық.

Регрессиялық талдауда тәуелсіз айнымалылар мынадай түрде өлшенеді: ұйым көлемі жалпы активтермен (Asset), операциялық қабілеттілік – акция бағасының табысқа қатынасы (P/E), ал табыстылық – активтердің кірістілігі (ROA). Компанияның цифрлық активтер кірістілігі, операциялық қабілеті және көлемі оның табысы мен пайдасына қалай әсер ететінін сипаттайтын регрессиялық параметрлердің параметрлердің мәндері 5-6 кестеде берілген.

5 кесте – Зерттелген айнымалылардың регрессиялық бағалары

Тәуелді айнымалы: АШП (бір акцияға шаққандағы табыс)	DF → Еркіндік дәрежелері	Регрессиялық параметрлердің бағалары		
		Бағалау	<i>p-Value</i> → маңыздылық деңгейі	$P_r > t $
Айнымалы	1			
константа	1	27,6**	2,3	0,03
Bitcoin (BTC) қазіргі уақытта саудалануда	1	-0,05	-0,97	0,34
Активтер	1	0,02*	1,8	0,09
Көлемі	1	-1,4**	-2,3	0,03
ROA	1	24,2***	3,8	0,0002

Ескерту:

***, **, * белгілері сәйкесінше 1%, 5%, және 10% деңгейлерінде маңыздылықты көрсетеді.

1. Бағаланған нәтижелер 1 Үлгі негізінде алынған.
2. Панельдік регрессиялық модель кездейсоқ қате компонентімен қолданылды.
3. Бұл кестеде Bitcoin кірістілігінің (BTC), компанияның жалпы активтерінің, компания көлемінің, және активтердің кірістілігінің (ROA) акция кірістілігіне (АШП) әсерін сипаттайтын регрессиялық бағалар ұсынылған.

Зерттеу нәтижесі, активтердің кірістілігі, ұйымның жалпы активтері және компания көлемі бір акцияға шаққандағы табысқа елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Ал активтер кірістілігі маңыздылық деңгейіне жетпейді ($p\text{-value} > 0.1$).

6 кесте – Зерттелген айнымалылардың регрессиялық бағалары

Тәуелді айнымалы: бір акцияға шаққандағы кіріс	DF → Еркіндік дәрежелері	Регрессиялық параметрлердің бағасы		
		Бағалау	$p\text{-Value}$ → маңыздылық деңгейі	$P_r > t $
Айнымалылар	1			
константа	1	29,7	2,5	0,02
Криптовалюта (АШП) қазіргі уақытта саудалануда	1	0,66	0,6	0,9
Активтер	1	0,0001*	1,8	0,09
Көлемі	1	-1,6**	-2,6	0,02
ROA	1	23,3***	3,7	0,0004

Ескерту:
***, **, * белгілері сәйкесінше 1%, 5%, және 10% деңгейлерінде маңыздылықты көрсетеді.
